

2026 жылдың ақпан айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 43,9 млрд. теңгеге 132,1 мың ақша аударымдары жіберілген. 2026 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 15,7%-ға өссе, көлемі 12,7%-ға өсті.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа ХААЖ арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2026 жылдың ақпан айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 2,7% және жалпы сомасының 3,8% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 97,3% және 96,2% құрайды.

## ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

### ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2026 жылдың ақпан айында шетелге ХААЖ арқылы 42,2 млрд. теңге сомаға 128,6 мың транзакция жіберілді. 2026 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 15,4%-ға өссе, көлемі 11,5%-ға өсті.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей – 19,4 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 45,9%), Түркия – 7,6 млрд. теңге (үлесі – 18,0%), Өзбекстан – 6,4 млрд. теңге (үлесі – 15,1%), Грузия – 2,8 млрд. теңге (үлесі – 6,7%), сондай – ақ Қырғызстан -1,3 млрд.теңге (үлесі-3,0%).

### *Ақша аударымдарының жүйелері бойынша*

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	117,42	91,3%	34 608,36	81,9%
Вестерн Юнион	6,25	4,9%	5 354,58	12,7%
MONEYGRAM	0,88	0,7%	1 032,02	2,4%
UPT	1,05	0,8%	850,29	2,0%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,00	2,3%	398,09	0,9%
<b>Жалпы жиынтығы</b>	<b>128,60</b>	<b>100,0%</b>	<b>42 243,33</b>	<b>100,0%</b>

### *Елдер бойынша*


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	92,27	71,7%	19 384,56	45,9%
Түркия	14,17	11,0%	7 607,92	18,0%
Өзбекстан	11,07	8,6%	6 360,39	15,1%
Грузия	1,37	1,1%	2 825,28	6,7%
Қырғызстан	2,52	2,0%	1 256,63	3,0%
Әзірбайжан	0,88	0,7%	988,65	2,3%
Армения	0,50	0,4%	894,32	2,1%

Қытай	0,50	0,4%	711,83	1,7%
Корея Республикасы	0,87	0,7%	413,95	1,0%
Тәжікстан	1,04	0,8%	303,93	0,7%
Басқалар	3,42	2,7%	1 495,89	3,5%
<b>Жалпы қорытынды</b>	<b>128,60</b>	<b>100,0%</b>	<b>42 243,33</b>	<b>100,0%</b>


### ***Валюталар бойынша***

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі қазақстандық теңгеде (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 76,6%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 59,0%) және АҚШ долларымен (тиісінше 10,4% және 28,8%) жүргізілді.

**Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі**



**Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі**



### **ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ**

2026 жылдың ақпан айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 15,4 млрд. теңге сомаға 40,9 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2026 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 2,5%-ға өссе, көлемі 0,2%-ға өсті.

Шетелден алынған ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей - 3,6 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 23,6%), Америка Құрама Штаттары – 2,4 млрд. теңге (үлесі – 15,5%), Түркия – 1,9 млрд. теңге (үлесі – 12,0%), Өзбекстан – 1,7 млрд. теңге (үлесі -10,9%), сондай-ақ Германия - 1,2 млрд. теңге (үлесі -7,6%).

### ***Ақша аударымдарының жүйелері бойынша***

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	16,26	39,8%	7 335,21	47,6%
Вестерн Юнион	15,22	37,2%	5 191,98	33,7%
MONEYGRAM	7,06	17,3%	2 652,75	17,2%
UPT	0,10	0,2%	40,67	0,3%
Басқа ақша аудару жүйелері	2,23	5,5%	202,06	1,3%
<b>Жалпы жиынтығы</b>	<b>40,87</b>	<b>100,0%</b>	<b>15 422,67</b>	<b>100,0%</b>


### Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	12,83	31,4%	3 635,59	23,6%
Америка Құрама Штаттары	5,75	14,1%	2 397,59	15,5%
Түркия	4,51	11,0%	1 857,73	12,0%
Өзбекстан	2,21	5,4%	1 688,74	10,9%
Германия	5,71	14,0%	1 176,83	7,6%
Корея Республикасы	1,34	3,3%	864,94	5,6%
Қырғызстан	0,88	2,1%	668,78	4,3%
Грузия	0,96	2,3%	572,13	3,7%
Әзірбайжан	0,34	0,8%	255,31	1,7%
Израиль	0,66	1,6%	214,39	1,4%
Басқалар	5,68	13,9%	2 090,64	13,6%
<b>Жалпы қорытынды</b>	<b>40,87</b>	<b>100,0%</b>	<b>15 422,67</b>	<b>100,0%</b>

### Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 44,5% және жалпы сомасының 57,1%) және қазақстандық теңге (тіісінше 27,1% және 20,5%) жүргізілді.

Алынған аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Алынған аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

